

**Ұлы Отан Соғысының 75 жылдығына арналған
«Желбіре Жеңіс жалауы!» байқауының ережесі**

1. Жалпы ережелер

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы Ұлы Жеңістің 75 жылдығы (1941 – 1945 ж.ж.) және «Еріктілер жылы» жылы аясында «Желбіре Жеңіс Жалауы!» байқауы (бұдан әрі – Байқау) өткізіледі.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында ар мен намысты ту еткен батырлар рухына тағзым ету, қазақстандықтардың ерен ерліктерін бағалай білу мақсатында жас ұрпақ бойына Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, азаматтыққа және әскери - патриоттық рухта тәрбиелеу.

Байқаудың міндеттері:

- Қазақстандықтардың ерлік істерін таныстыра отырып, жастардың бойына достық, ынтымақтастық, жауапкершілік сезімдерін ұялату;
- ардагерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау;
- Отан қорғау кезіне қаза тапқан Батыс Қазақстандық жауынгерлер мен майдан тылында еңбек еткен ардагерлер туралы мәлімет жинау, насихаттау;
- оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін дамыту және қолдау;
- оқушыларды еңбектенуге, ізденуге ықпал ету, зерттеу дағдысын қалыптастыру;
- оқушылардың алған білімдерін әрі қарай жетілдіру және шыңдау.

III. Қатысушылар

Байқауға облысымыздың барлық аудандары мен Орал қаласының 7-10 сынып оқушылары қатыса алады. Команда құрамы: 7 адам (6 қатысушы + 1 жетекші). Команда жетекшілері қатысушылардың тұратын жерінен өтетін жерге дейінгі жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты мекеніне дейін олардың қауіпсіздігі үшін толық жауап береді.

IV. Өткізу және дайындау басшылығы

Облыстық байқау III кезеңнен, III бөлімнен тұрады:

I кезең – мектепішілік – қаңтар;

II кезең – аудандық (қалалық) – ақпан, наурыз;

III кезең – облыстық – мамыр. III-кезеңге аудандық, қалалық байқаудың жеңімпаз командалары (7-10 сынып) жасақталады.

Байқаудың облыстық кезеңі 2020 жылдың 4-6 мамыр күндері Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1, ОБЖТжЭО- да өтеді. *Қатысу туралы өтініш 24 сәуірге дейін ОБЖТжЭО-на жолдануы керек.*

V. Байқаудың өткізілу тәртібі

Байқау 3 бөлімнен тұрады:

I бөлім – «Менің ауылым – соғыс жылдарында» (1941-1945 ж.ж.) іздестіру – зерттеу жұмыстарын қорғау. *Оқушылардың жұмыстары* (электронды нұсқасы) *2020 жылдың 6 сәуіріне дейін ұйымдастырушыларға жіберілуі тиіс. Жұмыстар іріктеу кезеңінен өтеді. Тақырыптар бойынша 2 оқушыға қатысуға болады.*

Тақырыптар:

1. «Ерлік даңқы мәңгілік» – Ұлы Отан соғысындағы жерлестеріміздің жеңіске қосқан үлесі. Соғыс уақытында із-түссіз жоғалған Батыс Қазақстандық жауынгерлер.

2. «Эвакуациялық госпитальдар» – Ұлы Отан соғысы жылдарында ұзақ уақыт емдеуді қажет етушілерді тылға эвакуациялауды ұйымдастыру және аурулар мен

жарақаттанғандарға арнайы дәрігерлік көмек көрсету. Госпитальда қызмет еткендер туралы және олардың тарихы т.б.

3. «Өшпес ерлік іздері» –Ұлы Отан соғысы: «үлкен» және «кіші» Отанымның тарих беттеріндегі менің жанұямның өмірлік жолы, «Майдан жерінен хат».

4. «Ел рухын көтерген батырлар» –ҰОС жылдарында Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан тыл және еңбек ардагерлері туралы мәліметтер жинайды. Соғыс кезіндегі тыл және майдан. Тыл еңбеккерлерінің ерлігі.

5. «Қаһарман қыздарға тағзым» – Ұлы Жеңіске жолындағы жау тылындағы және алдыңғы шептегі әйелдердің қосқан үлесі желісі баяндалады.

6. «Соғыс шарпыған балалық» –Ұлы Жеңіс жолындағы балалар мен жасөспірімдердің қосқан үлесі. «Соғыс кезіндегі балалардың» ерлікке толы істері мен қайғылы тағдырлары.

7. «Майдан жолы» – іздестіру жасақтарының (экспедициялардың) жұмыстары,соғысқа қатысушыларды кері жерлеу жұмыстары ұсынылады.

8. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» – 101,152 атқыштар бригадасының және 86 артеллериялық бригадасының тарихы. Сталинград, Ленинград, Мәскеу түбіндегі шайқастардағы Қазастандықтардың ерлігі.

Жұмысты бір оқушы қорғайды. Презентацияда тапсырманы орындауда (кітапхана, мұрағат, музей мен археология, мекемелеріндегі жұмыс) фото, деректі материалдар, зерттелмеген тарихи дәлелді материалдар болғаны жөн. Қорғау уақыты 5-7 мин. Тақырыптың ашылуы, зерттелуі, жаңалылығы, жан-жақтылығы, жеткізуі, сұраққа жауап беруі бағаланады.

Жұмыс электронды түрде (мәтіні мен көшірме дәлелді заттары) тапсырылуы қажет.

- таңдалған жұмыс тақырыпқа сай болуы және өзектілігі, жаңашылдығы;
- жұмыс құрылымы, жұмыс мазмұнының мақсаттары мен міндеттерінің болуы;
- мазмұны, тақырыптың толық ашылуы;
- зерттеудегі автордың қосқан үлесі;
- зерттеу кезінде (тарихи, мұрағат, музей экспозициясы, аудио-видео материалдар) дерек көздерінің болуы;
- тақырыпты тұжырымдаудың және зерттеу міндеттерін қоюдағы нақтылықтың болуы;
- жұмысты рәсімдеу сапасы, сауаттылығы, ережеге сәйкестігі (негізгі бөлімдердің болуы: аннотация, мазмұны, кіріспе, зерттеу әдістемесі, негізгі бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар т.б).

(Жұмыстың көлемі 10-12 бетке дейін компьютерде терілген (форматы А4, Word for Windows, шрифт Times New Roman, кегль 14, интервал бір жарым, барлық шеткі сызық - 2 см іздестіру-зерттеу жұмыстары жіберіледі. Қосымша көлемі – 10 беттен көп емес).

II бөлім –Үй тапсырмасы: «Ардагерге құрмет-ұрпаққа міндет». Челлендж.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған Челлендж (әлеуметтік желі жобасы) облысымыздың түкпір-түкпіріндегі ауыл, аудан, қала мектептерінің ерікті оқушылары қатыса алады. Облыстық кезеңге әр ауданнан бір жұмыс жіберіледі. Челлендж барысында оқушылар соғыс және тыл ардагерлеріне қол ұшын беру, сұхбаттасу, насихаттау т.б. жұмыстар жүргізеді. *Бейнеролик барысында белсенділер тобы өздерін таныстыра отырып, челленжді келесі топқа жалғайды.* Байқау [Facebook.com/groups/turizmzko/](https://www.facebook.com/groups/turizmzko/) әлеуметтік – ақпараттық желісінде жүргізіліп отырады.

Байқау қорытындысы ұйымдастыру комитетінің тұрақты әділқазы мүшелерінің бағалауымен және [Facebook.com/groups/turizmzko/](https://www.facebook.com/groups/turizmzko/) әлеуметтік – ақпараттық желісі бойынша ең көп лүпіл жинау,көрсетілім,тарату (бөлісу) саны арқылы анықталады.

Хэштег: #9мамыр, #БҚО, #Туризм, #Жеңіс

Бейнероликтер 2020 жылдың 13 сәуіріне дейін электронды evrasia_centre@mail.ru пошта арқылы өлкетану бөліміне жіберіледі.

Әлеуметтік желілерде челлендж 2020 жылдың 13 -20 сәуір аралығында жүргізіледі. Нәтижесі облыстық кезеңде (50 %- белгіленген кретийлер бойынша әділқазылар шешімі және 50 % челлендж нәтижесі бойынша) қорытындыланады.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

Байқауға 3 минуттан аспайтын бейнероликтер қабылданады.

Атқарылған жұмыс барысы тек қана патриоттық қалыпта түсірілуі тиіс, әзіл-сықақ кейінде түсіруге мүлде жол берілмейді.

- челлендж талаптарына сәйкес болуы;
- ардагермен сұхбаттың болуы;
- бейнеролик және фотолардың техникалық сапасының болуы;
- бейнеролик есебінің ақпараттылығы мен мазмұны.

Материалдарға қысқаша аннотация жіберіледі. Барлық аннотацияларда автор, жетекші туралы толық мәлімет болуы міндетті.

III бөлім – «Жеңіс вальсі» театрландырылған көрініс. Ұлы Отан соғысы жылдарынан театрландырылған сахналық көрініс көрсетеді. Байқауға бір көрініс ұсынылады. Қатысушылар көрініс түрін тақырыпқа сай, әртүрлі шығармалардан таңдай алады. Қойылым уақыты 7-10 минуттан аспауы тиіс. Қойылымды жеңіс вальсімен аяқтау ұсынылады.

Байқау жұмысы талаптарына:

- көрініс бағдарламасының (сценарийі) болуы;
- топпен композиция құру, таңдалған жанрға сай болуы;
- сюжеттің даму динамикасы;
- қойылым мазмұнына музыка сүйемелдеуінің (жанды немесе фонограмма) үйлесім табуы;
- қойылымның көркемдік безендірілуі (декорациялардың, костюмдердің қойылымның мазмұнына сәйкестігі)
- декорация эскизінің болуы, замануи компьютерлік безендірілуі;
- режиссерлік ой және оның іске асырылуы (қойылымның бейнелік (образдың) ашылуы, драматургиялық шығарманың таңдалуы, режиссерлік шешімнің ерекшелігі);
- қойылымның шынайы сомдалуы, актерлік шеберлігі;
- сахна мәдениетінің сақталуы.

ҮІ. Қабылдау шарты

Байқауға қатысушыларда төмендегі құжаттар болуы тиіс:

- аудандық, қалалық білім бөлімінің бұйрығы;
- Білім беру бөлімі меңгерушісі бекіткен аудандық (қалалық) хаттама;
- өтініш.

ҮІІ. Қорытындылау

«Желбіре, Жеңіс, Жалауы!» байқауының әр кезеңі бойынша үш жүлделі орын анықталады. Жалпы командалық есеп барлық бағыт бойынша алынған ұпай сандарының қосындысы арқылы есептеледі. Әрбір байқау жеке бағаланады және ең көп ұпай санымен орындар белгіленеді. Байқауды қазылар алқасы қорытындылайды.

Жүлдегерлер Білім басқармасының диплом, грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

ҮІІІ. Қаржыландыру

Мектепшілік, аудандық байқауды жергілікті білім беру бөлімдері немесе демеушілердің есебінен қаржыландырады.

Қатысушы топтардың (жол жүру, тамақтану және тұратын жерін) шығынын жіберген мекеме қамтамасыз етеді.

Облыстық байқауды ұйымдастыру және өткізу шығындарын ОБЖТжЭО жүзеге асырады.

Мекен-жайымыз: 090004 БҚО, Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1, Облыстық балалар мен жасөспірімдердің туризмі және экология орталығы.

Тел: 8 (7112) 52-59-42, факс: 52-58-87, өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі, электронды почта evrasia_centre@mail.ru

Координаторлар: Альмуханова Райгул Сағынәліқызы 8 776 900 48 00

Ескалиева Гульмира Талишевна 8 776 148 30 24

Ұйымдастырушылар байқаудың өткізу шарттарына өзгеріс енгізуге құқылы.

